



КЕҢЕСШІ
Бурабай ауданы
білім бөлімінің басшысы
Ж.Түлегенов



БЕКТЕМНІН
«Арман»
БЖШО директоры
А.Түргужина

**Дүниежүзілік СПИД-ке қарсы күрес күні
аясында "Қымбат маған өмірім!" сырттай аудандық байн-
бейпероликтер байқауын өткізу туралы ЕРЕЖЕСІ**

Мақсаты: Оқушылардың темекі шегу және есірткі қолданудың зияны туралы білімдерін тереңдету. Электронды темекіні ерте қолдану мәселесіне назар аудару, темекі шегудің, пашакорлықтың жас ұрпақтың денсаулығына әсері.

Міндеттері:

- адамның өз денсаулығы үшін жеке жауапкершілігі туралы түсінік қалыптастыру;
- электрондық темекінің адам ағзасына әсер ету ерекшеліктерін анықтау;
- оқушылардың электрондық темекіге қатынасын анықтау;
- өз мінез-құлқына жауапкершілікпен қарау дағдыларын қалыптастыру.

Байқаудың ұйымдастырушылары: «Арман» БЖШО

Байқаудың қатысушылары мен шарттары:

Байқауға Ақмола облысының жалпы, қосымша білім беру мекемелерінің 8-11 сынып оқушылары, Бурабай ауданының мектептері қатыса алады.

Әр мектептен **1-3 байн-бейпероликке** дейін қабылданады.

Байқауға тақырыпқа сәйкес келетін кез келген қолжетімді құралдармен түсірілген (жасалған) оқыту және ойын-сауық сипатындағы байн-бейпероликтерін ұсыну қажет. Бейнеролик өзектілігімен, өзіндік қайталанбастығымен ерекшеленуі тиіс. Байқауға бұрын қандай да бір байқауларға қатыспаған немесе қандай да бір марапаттарға ие болмаған бейнероликтер ғана қабылданады.

Байқауға басқа адамдардың қадір-қасиетін және сезімдерін қорлайтын, байқау тақырыбына сай келмейтін жарнамалық сипаттағы роликтер, авторлық қатысушыға тиесілі болмаған, сондай-ақ анонимді бейнероликтер қабылданбайды.